

БӨЛІМ: TURAN UNIVERSITY / UNIVER / СТУДЕНТ

Қылмыстық процестегі бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы

| | | |
|---------------------------------|--|---|
| ЖАРИЯЛАНДЫ 08.05.2025 | ТІРЕК СӨЗДЕР criminal process, justice, legal regulation, media influence, public opinion, transparency of information, ақпарат ашықтығы., бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы, влияние средств массовой информации, информационная открытость, қоғамдық пікір, құқықтық реттеу, қылмыстық процесс, общественное мнение, правовое регулирование, правосудие, сот әділдігі, уголовный процесс | СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/178884/ |
|---------------------------------|--|---|

Казбекова Жанэль Казбековна

ББ 6В04201 Құқықтану, 1топ,1курс

Ғылыми жетекші: Ф.ғ.к қауымдастырылған профессор **Тулекова Гулжан Хажмуратовна**

МРНТИ:10.01.05

УДК 343.13

Тұран университеті, «Юриспруденция»,2025 ж.

Аңдатпа

Мақалада қылмыстық процестегі бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы қарастырылады.Бұқаралық ақпарат құралдары қылмыстық істерді жария ету арқылы қоғамдық пікірді қалыптастырып,сот төрелігінің ашықтығына ықпал етеді.Бірақ ақпаратты дұрыс жеткізбеу, қоғамда теріс пікір тудыру сияқты қауіп, жеке өмірге қол сұғу және сот төрелігіне қысым көрсету қауіптер бар.Мақалада осы аталған мәселелерді шешу жолдары және құқықтық шектеулер қарастырылады.

Кілт сөздер: қылмыстық процесс, бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы ,сот әділдігі,қоғамдық пікір, құқықтық реттеу ,ақпарат ашықтығы.

В уголовном процессе массовая информация влияние структур

Аннотация

В статье рассматривается влияние средств массовой информации в уголовном процессе. Средства массовой информации формируют общественное мнение посредством раскрытия уголовных дел и способствуют прозрачности правосудия. Но есть риски, такие как неправильное представление информации, создание негативного общественного мнения, вторжение в частную жизнь и угнетение правосудия. В статье рассматриваются пути решения указанных проблем и правовые ограничения.

Ключевые слова: уголовный процесс, влияние средств массовой информации, правосудие, общественное мнение, правовое регулирование, информационная открытость.

In criminal proceeding mass information influence of the authorities

Abstract

The article describes the influence of the media in criminal proceedings is considered. Media coverage of criminal cases through the formation of public opinion and promotion of transparency of Justice it does. But misrepresenting information, such as causing prejudice in society threats, invasion of privacy and pressure on Justice threats there is. The article describes the ways to solve these problems and legal issues, restrictions are considered.

Keywords: criminal process, media influence, justice, public opinion, legal regulation, transparency of information.

Кіріспе

Қылмыстық процестегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі қазіргі заманғы құқықтық жүйенің ажырамас бөлігіне айналғаны бәрімізге мәлім. Бұқаралық ақпарат құралдары тергеу мен сот істерін жариялау арқылы қоғамды ақпараттандырады, құқықтық сана мен қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, сот төрелігінің ашықтығын қамтамасыз етуде бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор.

Дегенмен, БАҚ қызметінің қылмыстық процеске де әсері әрдайым оң бола бермейтіні мәлім. Ақпараттың бұрмалануы және біржақты берілуі айыпталушының кінәсіздік презумпциясын бұзуы, сотқа қысым көрсетілуі немесе қоғамда қате пікір қалыптастыруы әбден мүмкін. Сондай-ақ жеке өмірге қол сұғу, куәгер мен жәбірленушілердің қауіпсіздігіне нұқсан келтіру және сот әділдігіне ықпал ету сияқты тәуекелдер де бар.

Осыған байланысты, қылмыстық процестегі Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін заңнамалық тұрғыдан реттеу қажет. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі, Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заң Бұқаралық ақпарат құралдары мен құқық қорғау органдарының өзара әрекеттесуінің құқықтық негіздерін белгілейді. Алайда, бірақ құқықтық шектеулер мен этикалық нормаларды сақтау

мәселелері әлі де өзекті болып жатыр.

Бұл мақалада қылмыстық процестегі Бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы,оның құқықтық және этикалық шектеулері, сондай-ақ сот әділдігі мен қоғамдық пікірге әсері жан-жақты талқыланады.

Қазіргі заманда бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдағы негізгі ақпарат көзіне айналып,қоғамдық пікір қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.Қылмыстық процестің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуде Бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор болғанымен ,бірақ та олардың шектен тыс немесе біржақты ақпарат таратуы құқықтық мәселелерге алып келуі әбден мүмкін.

Қылмыстық процесті жариялау барысында кінәсіздік презумпциясын сақтау,жеке өмірге қол сұқпау, тергеу құпиясын бұзбау сияқты маңызды қағидалар жиі бұзылады.Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тараған ақпараттың тергеу мен сот процестеріне қысым көрсету құралына айналуы да ықтималдығы жоғары . Бұл жағдайлар құқықтық мемлекет қағидаттарына, сот әділдігіне және азаматтардың құқықтарын қорғау талаптарына қайшы келеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасы Бұқаралық ақпарат құралдары қызметін реттейтін нормаларды қамтығанымен, қылмыстық процестегі ақпараттық саясатты жетілдіру қажеттілігі әлі де сақталуда. Журналистер мен құқық қорғау органдарының өзара әрекеттестігінде заң талаптарын сақтау, ақпараттың шынайылығы мен бейтараптығын қамтамасыз ету, сотқа дейінгі тергеу деректерін жариялау шегін нақты белгілеу өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Осы себепті қылмыстық процестегі Бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін, оның құқықтық реттелуін және ықтимал тәуекелдерін зерттеу бүгінгі таңда маңызды болып саналады. Бұл зерттеу құқық қорғау органдар арасындағы ақпараттың объективтілігін арттыруға және сот әділдігіне теріс ықпал ететін факторларды азайтуға көмектеседі.

Негізгі бөлім

Қылмыстық процестегі бұқаралық ақпарат құралдары қылмыстық процестің ашықтығы – демократиялық қоғамның маңызды принциптерінің бірі. Бұл тұрғыда бұқаралық ақпарат құралдары қылмыстық істер бойынша қоғамды ақпараттандыруда және сот төрелігінің ашықтығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Ю. Хабермас (Habermas, 2006) Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі қызметтерінің бірі – мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету және азаматтардың заң үстемдігіне деген сенімін нығайту екенін атап көрсетеді. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сот процестерін жариялау қоғамға сот әділдігін бағалауға мүмкіндік береді, сондай-ақ құқық қорғау органдарының заңға сәйкес әрекет етуін бақылауға ықпал етеді.

Қазақстандық зерттеуші Оспанов М.Т. (2020) Бұқаралық ақпарат құралдарының сот процестерін жария етуі арқылы әділетсіз шешімдердің алдын алуға көмектесетінін айтады. Ол кейбір резонансты қылмыстық істерде БАҚ-тың араласуы тергеудің әділ өтуіне және соттардың тәуелсіздігіне оң әсер ететінін атап өтеді.

БАҚ қызметінің кері әсерінің бірі – кінәсіздік презумпциясының бұзылуы. Қылмыстық процестің негізгі қағидаларының бірі ретінде кінәсіздік презумпциясы адамды соттың үкімі шыққанға дейін кінәлі деп санауға болмайтынын білдіреді. Алайда, БАҚ кей жағдайларда сот процесі аяқталмай жатып күдіктіні немесе айыпталушыны қылмыскер ретінде көрсетуі мүмкін.

Қазақстандық ғалым Төлеубекова Б.Қ. (2021) Бұқаралық ақпарат құралдарының сот шешіміне әсер етуі сот билігінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін екенін атап көрсетеді. БАҚ арқылы қоғамда қалыптасқан теріс пікір судьяларға қысым жасауға, олардың шешімдерін объективті емес қабылдауына ықпал етуі мүмкін.

Қылмыстық процесте қатысушылардың жеке өмірін қорғау – маңызды мәселелердің бірі. БАҚ кей жағдайларда күдіктілердің, жәбірленушілердің немесе куәгерлердің жеке деректерін рұқсатсыз жариялап, олардың құқықтарын бұзуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жеке өмірге қол сұғу әрекеттеріне тыйым салады. Алайда, кейбір журналистер сенсация қуып, моральдық-этикалық нормаларды сақтамай, жәбірленушілердің немесе куәгерлердің жеке өміріне араласуы мүмкін.

Құқық қорғау органдары мен Бұқаралық ақпарат құралдарының өзара әрекеттестігі сот төрелігінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Бұл ретте, БАҚ пен құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы нақты заңнамалық негіздерге сүйенуі тиіс. ҚР Жоғарғы Сотының «Сот практикасы және БАҚ қызметі» туралы қаулысы (2022), Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері мен сот органдарының өзара әрекеттесуінің құқықтық шекараларын белгілеуге көмектеседі. БАҚ қылмыстық істер туралы ақпарат таратуда құқықтық нормаларды сақтауға міндеттеледі. Құқық қорғау органдары қоғамды сенімді әрі ресми ақпаратпен қамтамасыз етуге жауапты болады. Жалған ақпараттың таралуына жол бермеу үшін нақты тетіктер енгізіледі. Сонымен қатар, ақпарат таратудың жылдамдығы мен технологиялық мүмкіндіктердің дамуы қылмыстық процестің ашықтығына жаңа талаптар қояды. Әлеуметтік желілер мен онлайн-платформаларда таралған мәліметтер кей жағдайда ресми дереккөздерден бұрын жарияланып жатады. Бұл құқық қорғау органдары мен сот жүйесінің қоғаммен байланыс орнатудағы тәсілдерін жетілдіру қажеттігін айғақтайды.

Сот пен тергеу органдарының БАҚ-пен өзара іс-қимылы тек заң шеңберінде ғана емес, сондай-ақ коммуникациялық стратегиялар арқылы да жүргізілуі тиіс. Халықты тек ресми, нақты әрі уақтылы ақпаратпен қамтамасыз ету – жалған жаңалықтардың алдын алудың маңызды құралы болып табылады. Осы мақсатта кейбір өңірлерде баспасөз қызметтерінің белсенділігі артып келеді, арнайы брифингтер өткізу, тергеу барысы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу тәжірибеге еніп отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен құқық қорғау органдары арасындағы сенімді қарым-қатынас – қоғамда әділдікке деген сенімнің кепілі. Бұл байланыс тараптардың жауапкершілігі мен кәсібилігіне негізделуі тиіс. Қоғам үшін ашық әрі әділетті сот жүйесін қалыптастыруда бұл фактор шешуші мәнге ие.

Қорытынды

Мақалада қылмыстық процестегі бұқаралық ақпарат құралдары сот әділдігінің ашықтығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Дегенмен, олардың әрекеті кінәсіздік презумпциясын бұзу, сотқа қысым көрсету және жеке өмірге қол сұғу сияқты тәуекелдер тудырады. Осы мәселелерді шешу үшін Бұқаралық ақпарат құралдары қызметін заңнамалық тұрғыдан реттеу және кәсіби этика нормаларын сақтау қажет. Сонымен қатар, құқық қорғау органдары мен Бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы өзара іс-қимылды жетілдіру маңызды. Ақпарат тарату барысында заң талаптарын сақтау сот әділдігіне деген сенімді арттырады. Осылайша, Бұқаралық ақпарат құралдары пен құқық қорғау жүйесінің үйлесімді әрекеті қоғамда әділдік пен құқықтық мәдениетті нығайтуға ықпал етеді.

Қылмыстық процестегі бұқаралық ақпарат құралдары сот әділдігінің ашықтығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Олар қоғамды дер кезінде ақпараттандырып, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді. Алайда, кей жағдайда олардың әрекеті кінәсіздік презумпциясын бұзу, сотқа қысым көрсету, жеке өмірге қол сұғу сияқты тәуекелдерге алып келуі мүмкін.

Мұндай мәселелерді болдырмау үшін БАҚ қызметін заңнамалық деңгейде нақты реттеу және кәсіби этика талаптарын сақтау маңызды. Журналистер тексерілген, ресми ақпаратқа сүйеніп, бейтарап көзқарас ұстануы тиіс. Сонымен қатар, құқық қорғау органдары мен БАҚ арасындағы тиімді ынтымақтастық – қоғамның сот жүйесіне деген сенімін арттырудың негізгі тетігі.

Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдары мен құқық қорғау органдарының үйлесімді әрекеті әділеттілік пен заң үстемдігін қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы. – 30 тамыз 1995 жыл (өзгертулер мен толықтырулармен).

2) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – 4 шілде 2014 жыл (өзгертулер мен толықтырулармен)

3) «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – 23 шілде 1999 жыл (өзгертулер мен толықтырулармен).

4) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – 21 мамыр 2013 жыл.

5) Оспанов М.Т. Қылмыстық процестегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі. – Алматы: Заңгер баспасы, 2020.

6) Төлеубекова Б.Қ. Қылмыстық процестің жариялылығы және БАҚ. – Астана : Жеті Жарғы, 2021.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.